

МАЙЛЫҚОЖА СҰЛТАНҚОЖАҰЛЫ

ӨЛЕҢДЕР

Толғау

Әлемге толса көкірек,
Ашылар көзі сананың.
Құлақ салсаң, жақсылар,
Азырақ сөзді жазамын.
Көрейін мен де толғанып,
Келгенінше шаманың.
Дүбірге қызған жүйріктей,
Қызып тұр әзір табаным.
Айтқан сөзің бармайды,
Көңіліне наданның.
Аспан - жердей парқы бар
Деп айтады адамның.
Халық ішіне аралап,
Өнерді өлшеп шамалап,
Ұлғайса деймін қадамым.
Аман болса ағайын,
Үлкен - кіші жамайым,
Бәріңнің жақсы аманың.
Өзіме келген тіл бағы,
Өнері емес бабаның.
«Жігіттің көркі - өнері»
Жақсылардан шыққан сөз,
Алтынды - гауһар бедерлі.
Осы күнде халқымда,
Мәлім болып жалпығы,
Тілдің болдым шебері.
Етпекке кеңес келелі,
Азырақ сөйлеп берелі.
Бақ пен дәулет тең келсе,
Адамның толар кемелі.
Кімдерге бұғау салмаған,
Дүниенің асау белеңі?
Біреу үйде отырып,
От басында хош ұрып,
Біреу жаһан кезеді.

Нақлиқатты мысал қып,
Төмендегі айтқан сөз
Майлы ақынның сөзі еді.
Мәлім болған халыққа,
Өтірік емес анық та,
Өнер алды - тіл еді.
Сарттан өткен Науаи
Тілдің гаусар гүлі еді.
Парсыда өткен Фирдоуси,
Заманында дүр еді.
Не жүйрік келіп дүниеге
Аяқтарын тіреді.
Қарсыласқан хандарға
Үзеңгісін шіреді.
Бәрі де өтті дүниеден,
Адам бар ма оларды
Есіткенде күймеген?
Нұсқа қып айтсам кейінге,
Ақынның солар бірі еді.
Қай қазақтан ақын боп,
Өткендерден ірі еді?
Талайы өткен ақын боп,
Дүниеге жақын боп,
Қалт - құлт етіп өңгесі
Бұлардан басқа жүр еді.
Майлы ақынның өзіне,
Ыбырат берер сөзіне,
Тірі болса осылар,
Болар еді - ау тірегі.
Осы кезде халқымда,
Сөз тастайтын артына
Меннен басқа кім еді?
Өңкей жақсы қосылса,
Бітіреді кеңесті.
Өңкей жаман қосылса,
Шығарады егесті.
Мәмілемен іс бітер,
Бас қосып қалса көп есті.

Жақсының жолы - жарық күн,
Жаманның жолы - көмескі.
Жаман сөйлер лепіріп,
Орамалын желпініп,
Соза түсіп өңешті.
Мақтанғанмен жарамас,
Пайымы аз, кем есті.
Тентек бір - ақ аттайды,
Белес пенен дөңесті.
Жаман сөйлер халықтан
Бастағы мінін жасырып.
Жақсы сөйлер халыққа
Қызметін асырып.
Бағы қалың жігіттер,
Ешкімге бармас бас ұрып.
Халық ісіне, жақсылар,
Тоқталып қалма тартылып.
Бей қайраттың белгісі,
Таласты жер кез келсе,
Сөйле деп енді сөз берсе,
Жалт - жалт қарап тұрады,
Берекесін қашырып,
Сабыр - ақыл серігі,
Сабырсыз болма асығып.
Жүгірген аң, ұшқан құс,
Іздегені тамағы.
Әрекет етіп бәрі де,
Ырызық, ауқат табады.
Дәулет кетіп біреуден,
Біреуге жаңа қонады.
Нала болып біреулер,
Біреулер риза болады.
Бағы келген жігіттің,
Көңілі соғып жоғары,
Жамандықтан қалды ол,
Өзіне, дейді, обалы.
Жамандардың белгісі –
Сары ала қаздай саңғиды

Паналаған қоғаны.
Есерліктің белгісі –
Өтірік - өсек, аяңды
Іркелместен соғады.
Қасам ішіп, ант ұрып,
Тіліне алар тобаны.
Бағың барда, жігіттер,
Тоқталып сіра іркілме.
Жұрт қарасын қызығып,
Бәрекелді деп шіркінге.
Арзымас іске еліріп,
Бос салынба күлкіге.
Бір күні өтер өмірің,
Қараңғыда қалып көңілің,
Дүние ұқсар түлкіге.
Парасатты ер жігіт
Ақылмен әр іс білед.
Мен істедім бәрін деп,
Өзгеден артық әлім деп,
Ие боп тентек жүреді.
Ақылсыздың белгісі,
Орынсыз жерде күледі.
Талап, білім, еңбексіз –
Қалайша тірлік жеңбексіз?
Бос күлкіге салынып,
Қара терге малынып,
Жақсы болған кім еді?
Елге келген салмақты
Жақсы жүрер көтеріп,
Табытын қағып шай ішіп,
Тентек жүрер жөтеліп.
Жаман, жақсы әр іске,
Қалады дейді еті өліп,
Көпті көрген ер жігіт,
Көсем болар төселіп.
Азырақ, халқым, тыңдаңыз,
Бәһәнә бұны қылмаңыз,
Бір әңгіме етелік.

Елге келген жұмысқа
Жақсы жүрер қайысып,
Жаман жүрер майысып,
Гүлдесіп тентектер,
Бұл жұмыспен ісі жоқ,
Отырады шай ішіп.
Жолын тапсаң орын көп,
Білмейді соның жолын көп.
Табалайды бір-бірін,
Қойшы ісін соның деп.
Қай жерде оңып жүр еді,
Қай тірлігі оның деп?
Бақ келсе бір күн жақындар,
Сізге жақын мен едім,
Берші маған қолың деп.
Жақсы сөйлер шешіліп,
Бастағы мінін жасырмай.
Кіші пейіл әдепті,
Басынан сөзді асырмай.
Адырайған есуас,
Дүмбірлеп сөйлер тасырлай.
Болымсыздың қылығы,
Адамға жоқ жұғымы,
Қашатұғын қашырдай.
Екі дер сөзді айтпаймын.
Қайсарлықтың белгісі,
Ессіздіктің белгісі,
Бетімнен деймін қайтпаймын.
Бұл сияқты баланы,
Болар деп халық адамы,
Қалайша енді мақтаймын?
Тура сөзді айтам деп,
Көбісіне жақпаймын.
Елде жүрген жақсы көп,
Халықты жегіш лыпылдап.
Жай халыққа сөз бермес,
Аузы-басы жыпылдап.
Жақсыны көрсе табалар,

Сауысқанша шықылдап.
Алар жерге келгенде,
Жан салмайды сыпылдап.
Бір парасы тым салақ,
Шаруаға сылпылдап.
Түзге шықса сырдаң боп,
Мен белгілі мырзаң деп,
Үйінде қалар қылпылдап.
Өсекшілдің белгісі,
Сөйлесе сөзді шым-шымдап.
Сұлу тұрар керіліп,
Кербез тұрар қылтыңдап.
Тақыстардың мінезі,
Жақтырмас сөзді қыртыңдап.
Насихатты сөзімнен,
Кез келгенде өзімнен,
Қалса деймін бір тыңдап.
Жаман-жақсы әр істі
Пейілінен адам табады.
Парасатты ер жігіт
Жақсыдан ыбырат алады.
Ерінбей бейнет еткеннің,
Еңбегі дейді жанады.
Жақсы болып өседі,
Осылай қазақ деседі,
Тойға барса баланы.
Алымларға оқытып,
Көңіліне білім тоқытып,
Көрсетпейді қаланы.
Думан-қызық көкпар боп,
Бақ таласып барлығы,
Сиазға атын салады.
Бір-біріне жалғайды,
Қара төһмәт жаланы.
Күші жеңген басым боп,
Әлі келген алсын деп,
Бір жағы шаршап қалады.
Өздерінше билеп жүр,

Адырда қалған даланы.
Насихат сөзді айтқанмен,
Көңіліне қалай алады?
Ақын маған келер деп,
Жырын айтып берер деп,
Ақысын халық төлер деп,
Отырады үйінде,
Би-болыстар жаңағы.
Сонда да мейлі сөйлейін,
Кішірдім бақтан демейін,
Халықтың болсын хабары.
Бұрынғы айтқан нақылда,
Қонатын сөз көп ақылға,
Алуан-алуан жүйрік бар,
Әліне қарай шабады.
Дегендей боп мен-дағы
Сөйлейін өз халқыма,
Тұрсам осы қалпымда,
Болмасам да, болсам да,
Әзірше аса бағалы.
Ерінбей Қожаң сөйлесін,
Опасыз мына жалғаннан
Кеткенше тайып табаны.
Жарасар ер кемде-кем,
Егес болса қабақта.
Әшейінде әркім-ақ
Өтіп жүрер санаққа.
Баяны жоқ дүние-ай,
Бітсейші дәулет-талапқа!
Жаманнан жолдас ертсеңіз,
Болмайды сірә амалы.
Басыңа мехнат-күш болар
Достай болған жаманы.
Ой жіберіп көрейін,
Көңілді қозғап шамалы.
Алдымдағы жақсылар,
Осындай кезім келгенде,
Қожеке, сөйле дегенде,

Тартынбай айтып өлеңін,
Ақының әнге салады.
Жаман, жақсы Алланың
Болады ісі қалаған.
Дәулет көшіп біреуден,
Біреуге қонар жаңадан...
Асықпай-ақ жолығар,
Әркім асса шамадан.
Қарыздар болсаң жаманға,
Тар жерде алар жағадан.
Уәжге көнбес түсініп,
Көп сөзіне ісініп,
Құтырар иттей қабаған.

Дүниеге мейман көңілім

Дүниеге мейман көңілім,
Мақтансам дауа тілерсің.
Өлшеніп берген өмір бар,
Уақытыңмен жүрерсің.
Кейбір күнде қапа боп,
Кейбір күнде келерсің.
Бір қалыппен еш бенде
Бітіре алмас үлесін.
Көлеңкелі бұлыттай
Көшпелі болған дүниесің.
Ажал келсе жатқызар,
Маңдайдан басқан ұйқыдай.
Бендені дәулет мас қылар,
Қырауды кешкен жылқыдай.
Бауыры бүтін, басы есен,
Сағынар ауық – күлкіні-ай.
Қызықтырған түлкідей,
Дүние өтер бір күні-ай.

Өлмек парыз

«Өлмек парыз, - деп айтар, - тумақ сүндет»,
«Мойынға ораза, намаз, - дейді, - міндет».

Алымдар орындауды мәжбүр етер,
Адамға Мұхамбетке болған үмбет.
Егер де намаз палуан пасық шықса,
Олардан ыбырат алып жұрт не білмек?
Мың ірәкәт намаздан артық деген,
Кісіге істеген бір ізет - үрмет.
Көрсетілген нұсқада әр түрлі іс,
Білмегің өз шаманды әбен дұрыс.
Жамандарға парықы білінбейді,
Арзан, қымбат бағасы, алтын мен мыс.
Алымдардың уағыз кітабында,
Тағдырға жазылған іс болады-мыс.
Деп айтқан мың реттік әжіліктен,
Артық деп халыққа қылған бір әділ іс.

Жақсы болсын жұбайың

Көштің көркі түйе еді,
Шыңырауға Қауға байлап бақ.
Жетекші келер жылқы мал,
Семізін мініп айдап бақ.
Қой деген мал береке,
Қолайлы қоныс жайлатпақ.
Сиыр, өгіз тоқ қылар,
Түнеген жері айбатпақ.
Шаруа болсаң, мәнісін
Әр қайсысының ойлап тап.
Есектің жолы қатқалақ,
Кетірет есін батқалақ.
Есі жарым баланы
Жарамас сірә мақтамақ.
Шала жүйрік ат бітсе,
Басыңа бейнет таптамақ.
Жақсы асыңды жат жесін,
Жұртың мерей ап қалмақ.
Жаман қоңсың қонақпен
Қосыла жаулар қапталдап.
Қарауыл қойсаң қорқақты,
Жау көрмей қашар аттандап.
Азығыңды азайтсаң,
Аптада ұн қыл батпандап.
Ауызың асқа тез тиер,
Асығыс болып жатқанда-ақ.
Дихан ақылын танысаң,
Көп айдалған тапқа бақ.
Атыңа батса алтын ер,
Атып ұр да, отқа жақ.
Ынтымақ, үлгі іздесең,
Кәриясы басшы топқа бақ.
Жасанған жауды көрсең де,
Әруаққа теріс боқтамақ.
Боқтағаның бей пайда,

Әжет-ті мылтық оқтамақ.
Жарамды ұлдың белгісі,
Жастықтың тұзын ақтамақ.
Өзіңе сыймай шыққан сыр,
Біреуге қиын тоқтамақ.
Тас атқанға ас бермек,
Жарамас кінә сақтамақ.
Жабысар итке ат қояр,
Бәрбасарлап, сырттандап.
Жаман адам зорлықшыл,
Жақын жерге тыртаңдап.
Ажарсыз жігіт қатынға
Алдырар сырын жыртаңдап.
Бақ қонады үн таңдап,
Қонақ қонар үй таңдап.
Болымы жоқ бозбала,
Бейнеттен қашар бұлтаңдап.
Қас жүйрікке жолықсаң,
Жолда қалмас күй таңдап.
Қазан аттың осалы,
Таты болар қиқандап.
Қас татының жаманы
Қаракеш болар сипаңдап.
Қалбағайлы түйелер
Жүк көтермес салтаңдап.
Аруанадан туған нар,
Көп көтерер талтаңдап.
Түйілсе жаман өкпешіл,
Түйеден бетер қаңқандап,
Сиырдан бетер таңқандап,
Жаманның сөзін көтерсең
Бір қорқытып алдым деп,
Соңыңнан қалмас жалпандап.
Ат қадірін білмеген
Батбақта қалар салпандап.
Ас қадірін білмеген
Ашықпай қалмас аңқандап.
Сыпайының баласы,

Талқанға зәрлі, бал таңдап,
Ырыс қалың жігіттің
Қатыны шаруа томпаңдап.
Жаман қатын көп ұйықтар,
Оятсаң араз қоңқандап...
Көргенді жерден қыз алсаң,
Атыңды ерттер жүгендеп.
Далаға жүрер уақта
Керектіңді түгендеп.
Түнде көрсең күндіздей,
Көңілің күш-ақ сүймендеп.
Көрсетеді көзіңе,
«Былырғы берген инең» деп,
Құрала берер дүниең көп.
Билікті салсаң соған сал,
Бір сөз айтпа «бұл нең?» деп.
Жаман қатын қаптағы,
Жүніңді тауысар күйбеңдеп.
Аттершіден алғаны,
Айна, тарақ, ірең боп.
«Әлгің қайда?» дер айтсаң,
Бәлеге қояр сүйреңдеп.
Белге соққан жыландай
Амалың құрыр күйреңдеп,
Маңлайыңа салған соң,
Соған күнің қалған соң,
Әркімменен бірдей деп,
Жасырасын күргейлеп.
Қыла ғой деген жұмысың,
Қилаға кетер сүрдей боп.
Ауыл көшсе «ал, алдап»,
Артасың жүгін амалдап
Өзіңе жүкті жидырар
Ол қозғалмас табандап.
Ел жатарда ас жейсің,
Шикі қылса шабандап.
«Сен құрыттың мені» дер,
Тағы өзіңді жамандап.

Демінді зорға аларсын,
Өліп талып шамалдап.
Жақсы болса қатының,
Ер егізің - жақының ...
Жан - денең де жай тауып,
Тола да болар ақылың.
Өзіңе керек жұмыстан,
Көрмейсің істің қапылын.
Сол секілді әйелдің
Алтынға беріп болмайды
Шаштарының әр қылын.
Жаман болса қатының,
Ұқсайды тілі шешекке,
Ызаға толар қос өкпе.
Әр жұмысты қылғанда,
Жолықтырар кесетке.
Жамбасың үйір боп кетер
Жастағы қатты төсекке.
Қаншама жақсы сөз айтсаң,
Алмайды оны есепке,
Арманда өтер өмірің
Артылғандай есекке.
Жақсы қатын жігіттің,
Кесектен соққан кентіндей,
Дүниенің тұйық ментіндей.
Сары майға былғаған
Алуа, шекер, жентіндей.
Шоқтығы биік ат мінсең,
Көкпарда көңілің еркіндей.
Шолпан жұлдыз жар алсаң,
Кіргізеді көркінді-ей.
Қызықтықпен өткен күн
Болмай кетер бір күндей.
Алғаның жаман жолықса,
Нетесің дүние шіркінді-ей?!
Қатының жаман жолықса
Халық ішінде қатты дақ,
Қыз алмаққа саған бақ.

Сондай жаман боп тұрып,
Сөйлеуін қоймас шалықтап.
Қамшыңды берсең қолына,
Тапсырмас қайтып анықтап.
Тапсыра алмайсың ешнәрсе
Бұрыннан сырын алып қап.
Өз отанын болған соң,
Кете алмайсың қалықтап.
Содай сірә күн болса,
Мың қой қырқып жүн болса,
Арқан, тұсау, қап, жазы
Базардан сатып алып бақ
Оныңды да тоздырар,
Сандыққа құлыптап салып бақ.
Жұмсаудан жағың таласын,
Ісінің көріп шаласын.
Бір желеуді айтады,
Көре тұра нанасын.
Тағы да өзі сыр берер,
Анығына қанасын...
Ақырын Құдай оңда де
Бар үзірі сол-дағы,
Тауып берсе баласын.
Алғаның жаман жолықса,
Үйіңнің іші шаң болар,
Ісіңнің бәрі қан болар.
Сол әлімен тұрмайды,
Киім таңдап таң болар.
Әңгіме - жанжал тоздырар,
Өзгеден өзін оздырар
Жиынға киер жібекті,
Тезек теріп тоздырар.
«Қай жеріңнен тойдым?» деп,
«Не көрсетіп қойдың?» деп,
Тағы өзіңді жазғырар.
Айтқанына қоғам боп,
Дүнием болсын соған деп,
Үстінде болар жан - тәнің...

Қатыны жақсы адамдар,
Тез қартайып қарымас,
Өтетұғын өмірге,
Қатыннан жақын табылмас.

Іші - сырты тең сұлу,
Әйел емес, үр деңіз,
Ондай үрге жолыққан,
Ол үзірде жүр деңіз.
Бас, бәдені жарасқан,
Әйелдің аты бір деңіз.

Сол секілді жар бар
Үр құшқанмен тұр деңіз.

Іші-тысы тең жаман,
Қап-қара батпақ лай-ды,
Оған душар болғандар
Өкінішпен жылайды.

Тілеу тіле, жігіттер,
Жақсы қылсын жұбайды.
Алғаның жаман жолықса,
Нетесің дүние шұрайды?

Алған жары жігіттің
Қап-қара болса кескіні,
Айдан аппақ сұлудың,
Тең келмес оған ешбірі.

Қара қойдан оза ма,
Мақтасаң ақ ешкіні?
Алдымдағы жақсылар,
Жаман қатын жігіттің
Тайдырады табанын,
Тар қылады заманын.
Жақсы қатын жігіттің
Адам қылар жаманын,
Ұшқыр қылар шабанын.

Қоян жылы тумады көктен жаңбыр

Қоян жылы жаумады көктен жаңбыр,
Қабағы шаруалардың болды салбыр.
Қысты күні болғанда қар тынбады,
Айуанға өлім жетті аштан әрбір.

Қоян жылы заманның тары болды,
Көктен қуған құдайдың қаһары болды.
Төрт аяқты айуан баудай түсіп,
Пір тұтқаны тұтам шөп зары болды.

Төрт ай қыстан жаз шықты өлмегенге,
Ондай қыс туған емес ел дегенге.
Қысы жұт, көктем балық қиыншылық,
Ұшырады ел екі тосат көлденеңге...

Тауда дулат күйзеліп қозғалмады,
Өз азығы өзіне аз болмады.
Ысты, ошақты, жалайыр, бестаңбалы,
Ерегіссе дулаттан сөз қалмады.

Аң секілді халық екен қоңыратымыз,
Азық іздеп қалмады қоңды атымыз.
Қатты күнде тырысып тарылысты.
Дулаттағы қадірден жекжатымыз.

Көлбей деген ер шығып ысты жұрттан,
Атадан жетім қалып істі тұтқан.
Сол қар қазақтың қарызын өтеп,
Азық алдық аптаға екі пұттан.

Қысы жұт, жазы қымбат арты болды,
Сұрағаны азықтың нарқы болды.
«Қайғың - қара тамағың» деген мақал,
Ашаршылық алаштың дерті болды.

Ылғи етек тау жердің жапасы екен,
Егіндік - ел мәртебе, сапасы екен.
Темір қазық жұлдыздай тербелмеген,
Алаштың білдік дулат ағасы екен.

Шілдедегі дариядай кептің, қазақ,
Бір пайдаңды бір қысқа төктің, қазақ.
Өлетұғын тамырдай ішке тартып,
Қашан сыртқа тартады лептің, қазақ?

Бай-мырзалар жегізді мерекесін,
Жақсы ауылға тоқтамай көре өтесін,
Үй басына үлесіп жеген пара,
Қысқартты қыдырлының берекесін.

Не таптың мастанғанмен, қазақ, мұнан,
Қара су бал деп іштің, сүтті қылаң.
«Ашқа Құдай береді» деген сөз бар,
Әлі де қабыл болсын қылған тобаң!

Ескі мырза, манаптар, бегі, салы

Ескі мырза, манаптар, бегі, салы,
Балық жыл бастарыңа не күн салды?
Мінуге атын ерттеп ерінгендер,
Қарайып аяқ-қолы егін салды.

Екі салқын уақытта мал қарамас,
Бұл қалай деп бетіне жан қарамас,
Құдай салса пендесі көнеді екен,
Күнді білмейді ыстықта жап-жалаңаш.

Екеу болса біреуі шатақ болды,
Законмен жөн сұрмақ атақ болды.
Құмды қыстап, тау жайлап, сыр күзейтін,
Мал басының бәрі де жатақ болды.

Бәрі де мал басының жатақ болды,
Ақ үйліге қоян жыл қатап келді.
Аяғы ұзын, жүйрік ел арғымақты
Әр тоғайға кісендеп матап берді.

Сыза тапса, еккені қауын болды,
Жайнаған ел топтанып ауыл болды.
Шапқан аттай желіккен дау мен жанжал,
Заманымыз осындай дауыл болды.

Тоқсан сегіз жақындап, жүз жетіп тұр,
Суық хабар құлаққа мұз жетіп тұр.
Сүрді жемей, жеңіске сойған сырбаз
Дегеніңе табылмай іздетіп тұр.

Мың-мыңнан қойды аз деп жүрген манап,
Еркек қойын аударған пайда талап.
Күнге сеніп мәз болып күлімдейді,
Арпа менен бидайдың басын санап.

Малы кеткен жігіттің досы кетті,
Діні-дағы малменен қосыла өтті.
Жалғыз қойын құрттауға ерінгендер,
Жаудан жаман қиынның қосын жекті.

Аң таппайсың атарға мылтық болса,
Алданар ең сүйкенер сылтық болса,
Саба орнатқан үйлердің сабасы жоқ,
Көңілің аңсап қымызға ынтық болса.

Мейман сырбаз жеуші еді тегін жүріп,
Жарымдамай ақ майды шегіндіріп.
Ауыл таңдап табасын қой іздесең,
Ат терлетіп өңмендеп тебіндіріп.

Шешен шықты шешілмес тұйығынан,
Баса алмайсын батпақтап ұйығынан.
Баяғыңды ойлама енді, қазақ,
Бақытыңды түсірген иығыңнан.

Замана алуан-алуан қулық қылды,
Бәрі де күшті жаның ұрлық қылды.
Әркім жүрген жолынан адасты да,
Қаңғырып өзін-өзі бұрлықтарды.

Әкімі жүр ұрыны тиямын деп,
Тіл алмаса желкесін қиямын деп.
Би мен болыс басының пайдасында,
Парасын ап дүниені жиямын деп.

Ұрыларға билер тұр «бере көр» деп,
«Тез мал тауып даладан келе көр», - деп.
«Бие сойып аузымды майға толтыр,
Мал иесін біздерге қоя бер», - деп.

Болмағанға болыстың поштасы жүр,
Шаршатпаққа жол-жолда тоспасы жүр.
Ұрлық қылған жігіттер - тау түлкісі,

Болыспенен мал беріп достасып жүр.

Өлген шалдың ошағы құры боп жүр,
Ат шабары сияздың пұлы боп жүр.
Жетпегенін жеткізіп малдантады,
Болыс, бидің қыдыры ұры боп жүр.

Болыс бидің қыдыры ұры боп жүр,
Қолдайтын Бәһәуәдін пірі боп жүр.
Зекеті жоқ байлардың жиған малы,
Жең ұшында парамен құрыр боп жүр.

Билер түнде сөйлесе бір ұрыға,
Жолыққандай болады қыдырына.
Мал иесі дау даулар билер үшін,
Алған пұлы жетпейді шығынына...

Би, байдың іс пен кеңес басында жүр,
Тігілген үй саздың қасында жүр.
Батырбек пен Қанайдың жиынындай,
Бар мереке ұрының басында жүр.

Болыс болған сөйлесер үй табына,
Түйедей ақша тығар бұйдасына.
Есегіңді ел болып ат сайласаң,
Көзің жетер тұлпалардың сыйласына.

Жолбарыстың піл менен күшін алды,
Тырнағы мен мұқалтып тісін алды.
Бетеге мен жусаннан бейқадыр қып,
Терек пенен шынарды үсік алды.

Бейбақтардың басына бақ қылып жүр,
Арам жеңіп, адалды жақ қылып жүр,
Ақша беріп, билерді антқа салсаң,
Мөрін басып қара істі ақ қылып жүр.

Бек болмағың бес-алты қарада жүр,

Екі даудың бір жеңі арада жүр.
Жаратуы Құдайда болғаныменен,
Жаман, жақсы сайламақ парада жүр.

**Кітаппен танысқаннан кейін, оның қағаз нұсқасын сатып алуды
ұмытпаңыз!**

Сайттағы барлық кітаптар тек танысу мақсатында ұсынылған.

**Кітапті жүктеп, мазмұнымен танысқан соң, Сіз оны қалдырмай,
жоюға тиіссіз.**

**Кітаптың мәтінін көшіре және сақтай отырып, Сіз авторлық және
аралас құқықтар туралы заңға сәйкес, барлық жауапкершілікті өз
мойныңызға аласыз.**

**Сайт әкімшілігі пайдаланушыларды кітаптарға заңды жолмен қол
жеткізуге шақырады.**